



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы Қазақстандағы жергілікті билік органдарының реформаларын қолдау жөніндегі техникалық көмек туралы хаттар алмасу нысанындағы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N 1300 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы Қазақстандағы жергілікті билік органдарының реформаларын қолдау жөніндегі техникалық көмек туралы хаттар алмасу нысанындағы келісімнің жобасы макулданын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі Батырхан Арысбекұлы Исаевқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы Қазақстандағы жергілікті билік органдарының реформаларын қолдау жөніндегі техникалық көмек туралы хаттар алмасу нысанындағы келісімге қол қоюға өкілеттік бе р і л с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

АЗИЯ ДАМУ БАНКІ

2004 жылғы 12 қараша

Экономика	және	бюджеттік	жоспарлау
вице-министрі	Б.	Исаев	мырзаға
(АДБ	басқарушысының	орынбасары)	
Астана,		4 7 3 0 0 0	
Женіс	даңғылы,		3 3
Факс (3172) 718-545			

Қазақстандағы жергілікті билік органдарының
реформаларын қолдау жөніндегі техникалық көмек жобасы
(ТК N 4190 KAZ)

Құрметті Исаев мырза:

Сізге 2003 жылғы 6 қазанда Азия Даму Банкі (АДБ) Қазақстан Республикасының Үкіметіне (Үкімет) жергілікті билік органдарының реформаларын қолдауға 250000 АҚШ доллары аспайтын баламалы сомада техникалық көмек (ТК) көрсетуді мақұлдағанын мәлімдейміз. Бұл ТК 1995 жылғы 5 қазанда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен АДБ арасындағы техникалық көмек туралы негіздемелік келісімге (i) және (ii) осы хатқа 1-қосымша түрінде қоса беріліп отырған ТК туралы есептің 16-18 параграфтары мен 2 және 3-қосымшаларында сипатталған тетіктерге сәйкес қаржыландырылады және жүзеге асырылады. ТК туралы есепте көрсетілгендей, бұл ТК-ті іске асыру үшін Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (ЭБЖМ) атқарушы агенттік болып табылады.

Бұл ТК толықтай Мемлекеттік басқару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық қоры (МБЫҚ) мен АДБ-нің ТК-ті қаржыландыру бағдарламасы қаржатының есебінен грант негізінде қаржыландырылады.

Егер мұндай тетік Сіз үшін қолайлы болса, Үкімет атынан осы хаттың екі данасына қол қоюыңызды сұраймыз. Бір данасын өзіңізге қалдырып, екінші қол қойылған түпнұсқасын АДБ-не қайтаруыңызды сұраймыз.

Төменде қол қойған АДБ өкілі осы ТК іске асырумен байланысты барлық мәселеге жауапты. Тиісінше, барлық хат-хабар соған жіберілуі тиіс.

Құрметпен,

Ной Сиакхачанх
Шығыс және Орталық Азия департаментінің
Мемлекеттік басқару, қаржы және сауда
басқармасының директоры

Растаймын:

Үкімет атынан

Уәкілдегі өкіл
(қолы мен аты-жөні баспа әріптермен)

Лауазымы:

Күні: _____
Көшірмелері: Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі
Кайрат Келімбетов мырзаға

Факс (7-3172) 717712

АДБ-нің Қазақстандағы тұрақты өкілдігінің директоры
Казухико Хичуги мырзаға

Факс (7-3172) 328343

АЗИЯ ДАМУ БАНКІ

TAR KAZ-36403-02

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТИНЕ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ
РЕФОРМАСЫН ҚОЛДАУ
ЖӨНІНДЕГІ
ТЕХНИКАЛЫҚ КӨМЕК**

(Мемлекеттік басқару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық қорының
қаржыландыратын)
2003 жылғы қазан

**ВАЛЮТАНЫҢ АРА САЛМАҒЫ
(2003 жылғы 2 қыркүйектегі жағдай бойынша)**

валютаның	өлшем	бірлігі	-	Теңге	(Т)
			1 , 0 0	T =	\$ 0 , 0 0 7
\$1,00 = 147,69 Т					

Мәтінде қабылданған қысқартулар

АДБ - Азия Даму Банкі
ЕО-ТАСИС - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдеріне
Еуропалық Одақтың Техникалық көмегі
ЭБЖМ - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
ТК - Техникалық көмек
ЮСАИД - Құрама Штаттардың Халықаралық даму жөніндегі агенттігі
Ескертпе

Осы құжаттағы "\$" белгісі АҚШ долларын білдіреді.

Осы есепті С. Шреста өзірледі, Мемлекеттік басқару, қаржы және
сауда жөніндегі басқарма, Шығыс және Орталық Азия департаменті

I. Кіріспе

1. Азия Даму Банкінің (АДБ) бағдарламалық Миссиясы барысында 2002 жылы
Қазақстан Республикасының Үкіметі жергілікті билік органдарын реформалау
мақсатында оған техникалық көмек (ТК) беруге мүдделілік танытты. Келесі
бағдарламалық миссиялар және мемлекеттік басқару жүйесін бағалауға байланысты
миссиялар¹ барысында осы саладағы реформалар өзекті және қажетті екені расталды.
Осы ТК Елдер Стратегиясы мен 2002 жылға Қазақстанға арналған Бағдарламаның

нақтыланған нұсқасына енгізілді. Сондай-ақ осы ТК екі кезеңде жүзеге асырылатыны келісілді.

2. Осы ТК АДБ көмегінің бірінші кезеңін танытады және жергілікті билік органдарын реформалаудың орта мерзімді стратегиясын орталық Үкімет пен жергілікті мемлекеттік басқару органдары арасындағы әкімшілік және қаржылық қатынастардағы негізгі құрылымдық проблемаларды шешу арқылы әзірлеуге бағытталған. II кезең барысында I кезеңді іске асыру нәтижесінде дайындалатын ұсынымдарды іске асыру үшін ТК көрсетілетін болады. Дәлелдемелерді бекіту жөніндегі АДБ-нің миссиясы 2003 жылғы 25 маусым - 10 шілдеде бағытталып, Үкіметпен бірінші кезеңді іске асырудың мақсаттарына, көлемі мен тетіктеріне қатысты келісімдерге қол жеткізілді². Осы ТК негізі 1-қосымшада көрсетілген.

¹ АДБ. 2001 ж. Мемлекеттік басқару және әкімшілік реформаларды жүзеге асыру үшін мүмкіндіктерді қалыптастыру жүйесін зерделеу жөнінде Қазақстан Республикасына
Техникалық көмек . Манила .

² ТК туралы алғашкы ескерту 2003 жылғы наурызда ADB Business Opportunitiесте пайда болған.

II. Проблемалық мәселелер

3. Қазақстан Республикасының аумақтық мемлекеттік басқаруы үш деңгейлі құрылыммен жүзеге асырылады. Облыстық деңгейдегі мемлекеттік басқару 14 облыс пен жеке аумақтық бірлік мәртебесіне ие Астана және Алматы қалаларын танытады. Аудандық деңгейдегі мемлекеттік басқару органдары 195 аудан мен қалаларды танытады және 2285 ауылдық округті мемлекеттік басқаруды ауылдық басқару органдары жүзеге асырады. Осы деңгейлер арасындағы функциялар мен өкілдептіктерді бөлу облыстық басқару органдарының қарауымен жүзеге асырылады және басқару негізінен орталықтандырылған облыстық деңгейде жүзеге асырылады.

4. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Зан (N 148-II, 2001 ж. қаңтар) облыстық басқару органдары қызметінің заңды негізін көздейді. Атқарушы органы әкім басқаратын облыстық әкімдік болып табылады. Осы занға сәйкес әкімдер Президент пен Үкіметтің өкілдері болып табылады (Қазақстан Республикасы Конституциясының N 87 бабы) және оларды Президент тағайындейды. Әрбір облыста, сондай-ақ, мәслихат деп аталатын сайланбалы кеңес бар. Облыс әкімі аудан әкімдерін тағайынтайтын, ал аудандық әкімдер өз кезегінде ауылдық округ әкімдерін тағайынтайтын. Жергілікті деңгейдегі мемлекеттік қызметшілер орталық билікке сияқты, "қос бағыныстылық" жүйесінің шенберінде жергілікті әкімдікке бағынады .

5. Облыстық басқару органдары әдетте құрылыш, көліктік инфрақұрылым, сумен

және электр энергиясымен жабдықтау сияқты типтес муниципалды қызметтерді пайдалану және ұстай, сондай-ақ құқықтық тәртіпті сақтауға жауап береді. Бұдан басқа олар денсаулық сақтау, білім беру және кедейлікті төмендету жөніндегі бағдарламалардың әкімшілері болып табылады. Алайда, республикалық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының арасында функциялардың ара жігін нақты ажырату жоқ. Нәтижесінде орталық үкіметтік ведомостволардың жергілікті бөлімдері жүзеге асыратын кейбір функцияларды және осындай қызметтерді ұсыну үшін жауап беретін жергілікті басқару органдары орындаитын функцияларды қайталау болады. Ресурстарды ысырап етуден басқа мұндай келеңсіздіктер мен функциялардың қайталануы есеп беру мәселесінде белгісіздік тудырады.

6. Биліктің орталық және жергілікті органдары арасындағы қаржылық қатынастар біршама дәрежеде соңғы бірнеше жылда қабылданған "Бюджет жүйесі туралы", "Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" және "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Зандарды қабылдау арқылы ресми ресімделген. Алайда, тұрақты және тиімді негіз әлі де пысықтауды талап етеді. Жергілікті бюджетті әкім және оның тиісті қызметкерлері жасайды. Бюджет "Бюджет жүйесі туралы" Заңға сәйкес келісілуі тиіс, және оны макұлдағаннан кейін ол республикалық бюджеттің құрамына кіреді. Бастапқы кіріс болжамы облыстық деңгейде жасалғанына қарамастан, олар көбінесе республикалық органдарда қайта қаралады/өзгертиледі. Егер енгізілген өзгерістер айтартылған болса, жергілікті әкімдіктерге шығыстарды жабуға арналған қаражат қиыншылықтар туындаиды.

7. Салымдар деңгейі мен даму қарқынының айырмасы өнірлер арасында кіріс көздерін таратуда тең бөлмеушілікке әкеліп отыр. Мәселен, 2002 жылы ең бай және ең кедей облыстағы әр адамның кіріс арасалмағы 11,5 есені құраған. Сондықтан тұрғындардың қоғамдық қызмет көрсетуге бірдей қол жеткізу мүмкіндік қамтамасыз ету үшін кірістерді тенденстірудің нақты тетігі қажет. Дегенмен, ведомствоаралық қаржы трансфертерінің қолда бар тетігі аса тиімді емес. Нәтижесінде әрбір адамға шаққандағы әлеуметтік қызметтерді, денсаулық сақтау және білім берудегі шығыстардың көлемі өнірлер арасындағы нақты теңсіздікті көрсетеді.

8. Осы мәселелерді түсіне отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі өз қызметінің басым бағыттарының бірі ретінде жергілікті мемлекеттік басқару органдарын реформалау керек деп санайды. Жақында Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына берілген "Жергілікті өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заң жобасы биліктің жергілікті органдарын дербес заңды бірліктер ретінде қарастырады. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің ара жігін ажырату және ведомствоаралық қаржылық қатынастарды жетілдіру жөніндегі Премьер-Министр басшылық жасайтын Мемлекеттік комиссия (Мемлекеттік комиссия) құрды және оған басты министрліктердің өкілдерінен тұратын жұмыс тобы жетекшілік етеді. Мемлекеттік

комиссия қазірдің өзінде Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді шектеу және ведомствоаралық қаржылық қатынастарды жетілдіру туралы тұжырымдаманы (бұдан әрі - Тұжырымдама) әзірледі. Осы Тұжырымдама басқарудың әр түрлі деңгейі мен ведомствоаралық қаржылық трансфертер әдістерінің арасындағы қолда бар бөлісудің әлсіз жақтарын тауып, басқарудың әрбір деңгейіне нақты белгіленген функциялар беріледі және тиісті қаржы ресурстары бөлінеді. Бұл Тұжырымдаманы Президент мақұлдады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 147 қаулысымен қабылданды. Тұжырымдаманы әзірлеу жақсы жіберілетін нүктө болып табылатындығына қарамастан, Үкімет реформалар процесі үзақ және күрделі болатынын және реформаны іске асырудың жақсы әзірленген стратегиясы қажет ететінін түсінеді. Осы ТК Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік басқарудың әр түрлі деңгейлері арасындағы функционалдық және қаржылық қатынастарды әзірлеуге және осыған ұқсас кезекті әрі кезеңмен жүзеге асырылатын реформалар неғұрлым егжей-тегжейлі стратегиясын анықтауға көмек теседі.

9. АДБ Қазақстан Республикасының Үкіметімен тығыз қарым-қатынаста Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесіне жан-жақты бағалау жүргізді (1-сілтемені қара). Жүргілген бағалау жергілікті басқару органдарын реформалаудың өзектігін көрсетеді және тиісінше реформаларды жүзеге асыру процесінде АДБ-ға көмек үсінады.

10. АДБ өз жұмысында дамыту бойынша Қазақстанның басқа да әріптестерімен әрқашанда үйлестіріп отырды. Бұрын "Мемлекеттік қызмет туралы" Занды әзірлеуде және белгіленген салалық министрліктерді функционалдық талдау жүргізуде БҰҰ Дамыту бағдарламасы қатысты. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдеріне ЕО Техникалық көмегінің (ЕО - ТАСИС) жобасы мемлекеттік қызметшілерді оқытуға бағытталса соның ішінде барлық саладағы оқытушыларды оқытуға бағытталған ағымдағы ірі жоба аясын айтуға болады. Құрама Штаттардың Халықаралық даму жөніндегі агенттігі (ЮСАИД) Қаржы реформасы жобасының аясында бюджеттік кодексті жетілдіруді әзірлеу және бюджеттік бағдарламаларды басқаруды жақсарту кезіндегі бағдарламалар үшін бюджетті жоспарлауды іске асыруды қолдауға нақты көмек көрсетеді. ЮСАИД, сондай-ақ ведомствоаралық қаржы трансфертерінің ашиқтығын күштейтуде кірістің айналу қабілеті мен әрбір облыс үшін шығыстардың қажеттілігіне есеп дайындау моделін әзірлеу арқылы техникалық көмек көрсетеді. Осы жұмыстардың маңыздылығын ескере отырып, АДБ осы ТК іске асыру барысында ЮСАИД-пен тығыз өзара байланысты жалғастырады. Алайда, олар орталықсыздандырумен байланысты болғандықтан, АДБ-нің күші неғұрлым кең ведомствоаралық қызметтер мен қаржы қатынастарына және орта мерзімді болашақта қажетті реформаларды іске асыру стратегиясын әзірлеуге бағытталады.

III. Техникалық көмек

A. Мақсаты және күтілетін нәтижелер

11. Осы ТК Қазақстан Республикасының Үкіметіне жергілікті билік органдарын реформалаудың орта мерзімді стратегиясын орталық және жергілікті билік органдары арасындағы құрылымдық қатынастар мәселелерінің базасын шешу арқылы әзірлеуге көмектеседі. Жұмыс нәтижелеріне мыналар енгізіледі: басқарудың әр түрлі деңгейлері арасындағы міндеттерді бөлуді жақсартуға арналған функционалдық негіз; қаражатты жұмсау жөніндегі олардың өз міндеттерін тиімді жүзеге асыру мақсатында жергілікті органдардың мүмкіндігін жақсарту үшін қаржылық негіз; және биліктің жергілікті органдарын реформасын іске асырудың орта мерзімді стратегиясы.

B. Жұмыс әдіснамасы және негізгі бағыттары

12. Осы ТК шеңберіндегі жұмыстың негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

1. Функционалдық негізді әзірлеу

13. Бұл бағыттағы жұмыс мынаны көздейді:
бірқатар облыстарда мемлекеттік қызметтер ұсынудың функционалдық талдауын жүргізу және бар проблемалар мен шектеулерді табу;

Үкімет әзірлеген Тұжырымдама аясында басқарудың әр түрлі деңгейлері арасындағы міндеттерді бөлуге шолу;

ұсынымдар дайындау, басқарудың әр түрлі деңгейлері арасында өкілеттіктерді оңтайлы беру үшін ерекше шарттар мен өлшемдер табу;

мемлекеттік қызметшінің "қос бағыныстылық" дәстүрлі жүйесін басқару үшін және басқарудың әр деңгейінде есептілікті жақсарту үшін ұсынымдар дайындау.

2. Қаржы негізін әзірлеу

14. Бұл бағыттағы жұмыстар мыналарды көздейді:
іріктелген облыстарда шығыстар мен кірістерге шолу;
облыстар арасындағы кірістерді бөлудің қолданыстағы рәсімдерін, басқару органдары арасындағы тік және көлденең қаржы трансфертерін, жергілікті басқару органдарының ведомствоаралық қарыздары мен рыноктық қарыздарын айқындау;
жергілікті деңгейде салықтық әкімшіліктендіруді жақсартудың ықтимал жолдарына шолу және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қаржылық трансфертерге тәуелділігін төмендешу үшін кіріс базасын кеңейту;

басқарудың әр деңгейінде жоспарланған шығыстар аясында кірістер көздерін айқындау жөнінде нақты ұсыныстар дайындау.

3. Биліктің жергілікті органдарын реформалауды іске асыруға арналған орта мерзімді стратегияны әзірлеу

15. Бұл бағыттағы жұмыстар мынаны көздейді:
жергілікті басқару органдарын (1) және (2) бағыттары мен қажетті халықаралық тәжірибелі ескере отырып, пайдалануды орталықсыздандыру және реформалау үшін баламалы өтпелі кезеңді айқындау;

әрбір көшу кезеңі үшін қажетті занды және институционалдық өзгерістерді дәйекті әзірлеу;

әрбір өтпелі кезең бойынша реформаларды іске асыру сатыларының дәйектілігін әзірлеу;

көшу стратегиясы мен орта мерзімді іс-шараларды талқылау мақсатында орталық және жергілікті басқару органдары мен басқа да жергілікті өкілдерінің қатысуымен семинар өткізу.

C. Құны және қаржыландыру

16. ТК жалпы сметалық құны \$358000 баламасын құрайды, соның ішінде \$210000 шетелдік валютада және \$148000 жергілікті валютада. Үкімет АДБ-нен \$250000 көлемінде қаржыландыруды бөлуді, оған шетелдік валютадағы толық шығыстарды қоса \$210000 көлемінде және \$40000 баламасын жергілікті валютадағы шығынын төлеу үшін сұрады. Осы ТК Мемлекеттік басқару саласындағы ынтымақтастық қоры қаржысынан (\$100.000) және АДБ ТК қаржыландыру бағдарламасынан (\$ 108.000) грант негізінде қаржыландырылатын болады³. Үкімет қалған соманы \$108000 баламасын қаржыландыратын болады. Шығындардың егжей-тегжейлі сметасы 2-қосымшада көрсетілген.

³ Мемлекеттік басқару мәселелері жөніндегі қор - бұл Канада мен Норвегия Үкіметтерінің бөлген қаржысынан тұратын, және АДБ басқаратын бірлескен қор.

D. Іске асыру тетігі

17. Атқарушы агенттік Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі болып табылады (ЭБЖМ), ол барлық қажетті ұйымдастырушылық қолдауды, семинарларды өткізуге және әріптестік қызметкерлерге барлық қажеттіліктерді көрсетеді. Бұл ТК

2004 жылғы қарашадан бастап 8 ай кезеңінде іске асырылады. ТК іске асыру үшін халықаралық консультанттының 6,5 адам-ай жұмысы және жергілікті консультанттардың 10 адам-ай жұмысы талап етіледі. Халықаралық консультант орталықсыздандыру мәселелері бойынша өтпелі экономикалы елдерінде көп тәжірибесі бар сарапшы болуы тиіс. Үш жергілікті консультанттардың ішінде жергілікті мемлекеттік органдар жөніндегі сарапшы, қаржы реформалары жөніндегі сарапшы және нормативтік-құқықтық базаны реформалау жөніндегі сарапшы болуы керек. АДБ-де жұмысқа консультанттар *АДБ-нің консультанттар тарту жөніндегі басшылығына* және жергілікті консультанттарды іріктеу мен жалдау үшін АДБ-ін қанағаттандыратын басқа да тетіктерге сәйкес дербес іріктеледі және жалданады. Сатып алу *АДБ-нің сатып алу жөніндегі басшылығына* сәйкес жүзеге асырылады. Консультанттардың техникалық тапсырмасы 3-қосымшада көрсетілген.

18. Халықаралық консультант консультанттардың жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады. Қызметтер көрсетіле бастағаннан кейін 3 апта өткен соң Жұмыстың басталуы туралы есеп дайындалады. Сарапшылар тобы, сондай-ақ осы ТК бойынша жұмыстардың орындалу барысы туралы орта мерзімді есеп дайындауды. Консультанттар осы ТК-тің барлық аспектілері бойынша түпкілікті есептің жобасын осы ТК аяқталғанға дейін 2 апта ішінде табыс етеді. Бұдан кейін есептің жобасы Үкімет пен АДБ тарапынан болған ескертулер ескеріле отырып пысықталады.

IV. Президенттің шешімі

19. Директорлар кеңесі берген өкілеттіктер шеңберінде Президент Техникалық көмекті баламасы \$100000-дан аспайтын, Мемлекеттік басқару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық қоры грант негізінде берген сомада қаржыландыру бөлігін АДБ-нің басқаруын және мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарын реформалауды қолдауға АДБ-нің Қазақстан Республикасының Үкіметіне грант түрінде баламасы \$150000-дан аспайтын сомада техникалық көмек бөлуін мақұлдады және осы арқылы Директорлар кеңесіне бұл әрекет туралы мәлімдейді.

1-қосымша

Техникалық көмектің негізі

Қысқаша сипаты	Жұмыстың көрсеткіштері/ мақсаты	Мониторинг тетігі	Алғышарттар мен тәуекелдер
1	2	3	4

М а к с а т ы

Мемлекеттік
қызметтерді
тиімді әрі
тең ұсныу
Басқарудың әрбір
деңгейінің міндеті
нақты анықталады.
Елдердің есеп
беруі
Макроэкономикалық
және саяси
тұрақтылық
Үкіметпен және
Жергілікті басқару
деңгейінде
қаражатты жұмсау
бойынша өз
көмек
көрсетілетін еркіндік пен
басқа агент-
тіктермен реформаларға бару-
міндетін орындау
үшін жеткілікті
қаржы қаржаты
 болады.

Берік саяси
кересітілестін еркіндік пен
реформаларға бару-
га дайындық
кеңес
үшін жеткілікті
қаржы қаржаты

Жергілікті басқару
органының есеп
беру бағыныстылығы
артады.

М і н д е т т е р

Биліктің
жергілікті
органдарын
ведомоство-
аралық
функционал-
дық және
қаржылық
қатынастар-
дың базалық
проблемала-
рын шешу
арқылы орта
мерзімді
стратегиялар -
ды реформа-
лауды
2003 жылдың
шілдесіне дейін:
Басқарудың әр
түрлі деңгейлері
арасындағы
өкілеттіктерді
тиімді бөлуге
арналған негіз
анықталған.
ТК бойынша
есеп беру
ТК іске асыру
бойынша баға-
лау миссиясы
Біршама
ұйымдастырудығы
өзгерістер және
тиісті басқару
органдарында
кадрларды
орналастыру
өз міндеттемелерін
орындаудың
қаржылық негізі,
әзірленген.

ə ɜ i p ʌ e y

Ж е р г ілікті б а сқ а ру
о р г а н д а ры н
р е ф о р м а ла у дың
с а лы с тыр м а лы
ж о л д а ры

анықталған.

Үкімет қажетті реформаларды іске асыру үшін стратегия қабылдаиды.

Н ә т и ж е л е р i

Мемлекеттік	Іріктелген	ТК бойынша	Қажетті ақпараттар
басқарудың	облыстарда	есеп беру	беру және
әр түрлі	қоғамдық қызмет		атқарушы агенттік
денгейлері	көрсетудің	ТК іске асыру	пен тиісті
арасындағы	егжей-тегжейлі	бойынша баға-	жергілікті басқару
міндеттерді	шолуы	лау миссиясы	органдары тарабы-
тиімді бөлісу			нан қолдау
ү ш і н		ф у н к ц и о -	
на л д ы қ		н е г і з	
өлшемдері		Ө к і л е т т і к т е р д і	
		тиімді бөлудің	
		ш а р т т а р ы	мен
ұсынымдар		Б а с қ а р ұ д ы ң	ә р
Қ а ж е т т і		д ең г е й і н д е г і	
ш ы ғ ы с т а р д ы		е с е п т і л і к т і	
е ск е ре		ж а қ с а р т у	ж ө н і н -
отырып,		д е г і	на қ т ы
кіріс	көзде-		

р ін
арналған
қаржылық
негіз

мүмкіндіктерді
бағалау

ұсыныстар
Жергілікті
басқару
органдарын -
дағы
реформаны
іске асыру -
дың орта
мерзімді
стратегиясы

анықтау

Қажетті

Консультант -
тардың
қызметі

бөлүгे
Жергілікті деңгей-
дегі салықтық
әкімшіліктендеруді
жаксарту және кіріс
базасын кеңейту үшін
Биліктің осы ТК
ұсынымдарын
ескеруге әзірлігі
Жергілікті деңгейде
қажетті шығыстарды
ескере отырып, кіріс
көздерін бөлу
жөнінде ерекше
ұсыныстар
Қажетті ұйымдасты-
рушылық және
нормативтік
реформаларға
өтудің
салыстырмалы
жолдарын анықтау
Реформаларды іске
асырудың жалғасуы
мен кезеңдерін
анықтау
Реформалар
стратегияларын
келисуге және
қабылдауға
арналған семинар
өткізу

ресурстар

Халықаралық

консультанттың
6,5 адам-ай \$162000

және жергілікті
консультанттардың

10 адам-ай \$17000

К о м п ью т е р	\$ 1 0 0 0 0
ж ә н ө	
факс-аппарат	
Семинар \$40.000	
М и н и с т р л і к	\$ 4 7 0 0 0
қызметкерлері	
Ү к і м е т т і н	\$ 1 0 8 0 0 0
қаржыландыруы	
А Д Б	\$ 2 5 0 0 0 0 , соның ішінде: М Б Ы К : \$ 1 0 0 0 0 0 Т К К : \$ 1 5 0 0 0 0

Ж и ы н ы : \$ 3 5 8 0 0 0

2-қосымша

Шығындар сметасы және қаржыландыру жоспары
(мың \$)

А.	Азия	Даму	Банкін	Сипаты			Шетелдік Жергілікті Барлық валютада валютада шығындар	
				Консультанттар	Еңбекақы	және		
1.							a	
				i.	Халықаралық консультант	162	0	162
				ii.	Жергілікті консультанттар	0	17	17
			b.	Шетелдік және жергілікті жол жүру	14	3	17	
2.	Офистік үй-жай	b			0	10	10	
3.	Жабдықтар	c			10	0	10	
4.	Аудару қызметі	және әртүрлі шығындар			4	5	9	
5.	Күтпеген шығындар				20	5	25	
	(А) бөлімі бойынша жиыны				210	40	250	

B.	Үкімет тарапынан	қаржыландыру	
1.	Ұйымдық қолдау	0	21
2.	Министрлік қызметкерлеріне еңбекақы	0	47
3.	Семинар (В) бөлімі бойынша жиыны	0	40
	Барлығы	210	140
			358

^a Қаржыландыруды Мемлекеттік басқару саласындағы ынтымақтастық қоры (\$100000) және АДБ ТК қаржыландыру бағдарламасы (\$150000) бөледі.

^b Бос оғистік үй-жай болмауына байланысты Үкімет АДБ-ден оғистік үй-жай бөлуді сұрады.

^c Компьютер мен факсимильдік аппарат қосылады. Жабдық сатып алу бағаларды кемінде үш көзден ала отырып тікелей сатып алу ресімі бойынша АДБ сатып алу жөніндегі басшылығына сәйкес жүзеге асырылады.

Көзі: Азия Даму Банкінің есептері
3-қосымша

Консультанттарға арналған техникалық тапсырмандық жоспары

A. Орталықсыздандыру жөніндегі халықаралық сарапшы (6,5 адам-ай)

1. Орталықсыздандыру жөніндегі консультант өтпелі кезеңнің экономикасындағы әкімшілік және фискалдық реформалар мәселелерінде консультанттық жұмыста көп тәжірибесі бар сарапшы болуы тиіс. Мүмкіндігінше орыс тілін білу қажет. Бұл консультант консультанттар тобының жетекшісі болып табылады және осы ТК шенберінде барлық жұмысты Министрліктің қызметкерлерімен және басқа консультанттармен тығыз ынтымақтастықта үйлестіреді. Консультант, сондай-ақ өз қызметін Қазақстанда осындай бағыттарда жұмыс орындаитын басқа да донорлық үй мадармен үйлестіреді.

2. Халықаралық консультанттың техникалық тапсырмасы мынадай қызметтерді қамтуы, алайда бұлармен шектелмеуі тиіс:

1) басқарудың әрбір деңгейі мен қажетті шоғырландыру мен орталықсыздандырудың дәрежесі үшін өкілеттіктер мен міндеттерді оңтайлы беру үшін өлшемдер мен шарттар айқындау;

2) "қос бағыныстылық" жүйені реформалау және мемлекеттік қызметшінің есептілігіне талаптар бойынша, сондай-ақ жергілікті деңгейде есептіліктің өтпелі әдістері жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

3) жергілікті басқару органдарының жергілікті деңгейде кірістер мен шығыстарын, оның ішінде ведомствоаралық қаржы трансфертері мен қарыздарын, сондай-ақрын оқтық қарыз алуларын нақтылау;

4) қаржы трансфертерінің қажеттілігін төмендету мақсатында жергілікті деңгейде салықтық әкімшіліктендердің жетілдіру және қаражат түсімдерінің салықтық емес көздерін кеңейту үшін ауқымына шолу;

5) жергілікті басқару органдарының қаражатты жұмсау жөніндегі міндеттемелерін ескере отырып, кірістердің көздерін бөлу үшін ұсынылатын нақты шаралардың бірдей болуын және тиімділігі мәселелерін есепке алу;

6) тиісті халықаралық тәжірибелі есепке алу, баламалы өтпелі кезеңді айқындау, әрбір жағдайға нақты шараларды, іске асыру мен дәйектіліктің әдістерін әрі қажетті реформаларды жүзеге асырудың кезеңдерін өзірлеу;

7) орталықсыздандыру мен жергілікті реформаларды жүзеге асыру үшін орта мерзімді стратегияны келісу және қабылдау мақсатында орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдары өкілдерінің қатысуымен семинар ұйымдастыру.

В. Жергілікті мемлекеттік басқару органдарын ұйымдастыру жөніндегі жергілікті сарапшы (4 адам-ай)

3. Бұл консультант жергілікті басқару органын әкімшіліктендеру және институционалдық реформаларды жүргізу мәселелерінде көп тәжірибесі болуы тиіс. Функционалдық шолу жүргізу кезінде консультант жергілікті деңгейде іріктелген басқару органдарымен тікелей қатынаста болады. Осы консультанттың техникалық тапсырмасы мынадай қызметтерді қамтуы алайда бұлармен шектелмеуі тиіс:

- Үкімет дайындаған Мемлекеттік басқару деңгейлері мен бюджетаралық қаржы қатынастарды жетілдіру арасындағы өкілеттіктерді бөлу тұжырымдамасында белгіленген негізгі мәселелермен танысу;

- жергілікті басқару органдарының жедел ортасына егжей-тегжейлі талдау жүргізу. Атап айтқанда, функцияларды нақты ажырату жоқтығына және кірістер көздерінің жеткіліксіздігіне байланысты нақты проблемаларды айқындау;

- мемлекеттік қызметшілердің "қос бағыныстылық" дәстүрлі жүйесінің болуы салдарын анықтау және есептілікті жетілдірудің баламалы тетіктерін ұсыну, жергілікті мемлекеттік басқару органдары үшін ынталандыру;

- халықаралық консультантқа семинарлар мен ТК бойынша есеп беруді дайындауды ұйымдастыруда көмек.

С. Қаржы реформалары жөніндегі жергілікті сарапшы (4 адам-ай)

4. Бұл консультант қаржы реформалары жөнінде бюджет жүйесінде, ведомствоаралық қаржы қатынастары мен жергілікті қаржы мәселелерінен жақсы білімі бар сарапшы болуы тиіс. Қаржылық шолу жүргізу кезінде консультант іріктелген жергілікті басқару органдарымен тығыз қатынаста болады. Бұл консультанттың техникалық тапсырмасы мынадай қызметтерді қамтуы, алайда бұлармен шектелмеуі тиіс:

- Үкімет дайындаған мемлекеттік басқару деңгейлері мен ведомствоаралық қаржы қатынастарын жетілдіру арасындағы өкілеттіктерді бөлу Тұжырымдамасында айқындалған негізгі мәселелермен танысу;

- жергілікті деңгейдегі кірістер мен шығыстарды бөлу тетіктеріне шолу ведомствоаралық кредиттер мен қаржы трансферттерін берудің, сондай-ақ жергілікті басқару органдарының рыноктық қарыз алмасуының қолданыстағы рәсімдерін анықтау;

- салық жинауга жергілікті жауапты "қос бағыныстылық" қолданыстағы жүйенің қаржы нәтижелерін нақтылау және жергілікті салық әкімшіліктерінің басқа да тиімсіз нәтижелерін табу;

- Халықаралық консультантқа семинарлар мен ТК бойынша есеп беруді дайындауды ұйымдастыруға көмек.

D. Заң мәселелері мен регламенттеу мәселелері жөніндегі жергілікті сарапшы (2 адам-ай)

5. Бұл консультанттың нормативтік-құқықтық базаны реформалауда көп тәжірибесі болуы тиіс. Осы консультанттың міндеті мынадай жұмыс турлерін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

тиісті нормативтік-құқықтық база бойынша, соның ішінде " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару органдары туралы ", " Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы", " Бюджет жүйесі туралы " және " Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы " заңдары бойынша ұсынымдарына шолу және оларды дайындау;

жергілікті реформалармен және орталықсыздырумен байланысты негізгі заң мәселелері жөніндегі ұсынымдар, сондай-ақ осы ТК шеңберінде ұсынылатын өтпелі стратегиялар үшін қажетті нақты заң реформаларын айқындау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК